***Ф-ОБ-001/065***

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті**
**«Педагогика және психология» кафедрасы**
**«Педагогика және психология» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитет мәжілісінің**

# №3 ХАТТАМАСЫ

**Түркістан қаласы.** **22_.12._2023 ж.**

**Қатысқандар:**
АК төрағасы п.ғ.к., доцент м.а. С.Алимбекова АК мүшелері: п.ғ.к., доцент.А.К.Рысбекова, п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, п.ғ.к., доцент.П.Қ.Искакова, PhD, аға оқытушы Әсел Тасова, доцент Ж.Қ.Дүйсенова, магистр-оқытушы Д.С.Жарқинбаева, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі М.Әбенова атындағы орта мектеп КММ директоры Т.М.Меңдібаева, білімгерлер өкілі: 8D011-«Педагогика және психология» БББ докторанты А.Лауланбеков, 7М011-«Педагогика және психология» БББ магистранты С.Қасымбай.
**Шақырылған:** Шахабаев Е.Ш. - оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру бөлімінің басшысы.
**АК хатшысы:** Паштанов Султан - магистр-оқытушы.

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбында семинар, тренинг ұйымдастыру.
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау.
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнының оқыту стратегиясын анықтау.
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**1.Тыңдалды:** Күн тәртібіндегі бірінші мәселе «ББ мазмұнын жобалау» тақырыбында өткен 19.12.2022ж. кафедра меңгерушісі, п.ғ.к., доцент А.Қ.Рысбекованың семинарының нәтижесі бойынша АК төрайымы п.ғ.к. С.Алимбекова сөз алып, ұйымдастырылған семинардың барысы туралы қысқаша мәлімент берді:

- Семинарды ұйымдастырудың мақсаты – «Педагогика және психология» ББ жобасын жасауға бағытталған тәжірибемізді жетілдіру болатын. Семинарда жалпы ББ мазмұнын жобалау мәселелеріне шолу жасадық. Жобалаудың тиімді тұстары туралы кафедра құрамымен және АК мүшелерімен талдау жүргіздік. 2023-2024 оқу жылына «Педагогика және психология» ББ бағдарламасының жобасына ОПҚ ұсыныстарын тыңдадық. Семинардың тиімділігі осында болады. Семинарда жасалған баяндама барысында АК мүшелері ББ мазмұнын жобалау технологиясымен танысты. Баяндамашы п.ғ.к., доцент А.Қ.Рысбековаға сұрақтар беріліп, ББ бағдарламасының жобасы туралы ұсыныстар қарастырылды.

**2.Тыңдалды.** Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау мәселесі жоспарға сәйкес АК мүшелерімен жүзеге асты. Аталған мәселені ұйымдастырған АК төрағасы С.Алимбекова: - Бұл мәселе бойынша АК мүшелерімен жаналыс жасап, "Педагогика және психология" БББ функцияларын анықтадық. Олар:

1. Бәсекеге қабілеттілік (Лидерлік шеберлік);
2. Эмоционалды интеллекті;
3. Көшбасшылық;
4. Ұйымдастыру және жобалау;
5. Ғылыми-зерттеу;
6. Білім беру;
7. Толеранттылық.

Сонымен қатар, ББ мазмұнын жобалауда міндетті пәндерге:

1. Психологиялық-педагогикалық коррекция;
2. Психологиялық кеңес беру;

3. Психопрофилактика;
4. Ұлттық тәрбие негіздері;
5. Суицидология;
6. Девиантология;
7. Конфликтология;
8. Психосоматика;
9. Тұлға психологиясы;
10. Отбасы психологиясы.

Таңдау компонентіндегі пәндерге:

1. Психотерапия;
2. Жас ерекшелік педагогикасы;
3. Жас ерекшелік психологиясы;
4. Әлеуметтік психология;
5. Әлеуметтік педагогика;
6. Қарым-қатынас психологиясы;
7. Басқару психологиясы;
8. Педагогикалық менеджмент;
9. Кәсіптік білім беру педагогикасы;
10. Қазіргі білім беру технологиясы;
11. Арнайы психология т.б.

Аталған пәндер «Педагогика және психология» БББ ерекшеліктерін және кәсіби идеялын, функцияларын ескере отырып дайындалды және модулге енгізілді.

**3.Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнының оқыту стратегиясын анықтау.**

БББ әзірлеуде «Педагогика және психология» кафедрасының ұжымы үлес қосты. ББ мазмұнындағы оқытудың стратегиясын анықтау төмендегіше тұжырымдалды: білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етуге, білім беру үдерісінің әлеуметтік салаларын үйлестіруге бағытталған кәсіби қызметті жүзеге асыруға қабілетті, халықаралық талаптарға сай, кәсіби біліктілігі жоғары, психологиялық-педагогикалық білім беру үдерісін басқарудың мазмұнын, формаларын, әдістері мен құралдарын жүзеге асыруға дайын, өзгермелі еңбек рыногы талаптарына бейімделе алатын, кәсіби құзыретті жаңа формация мамандарын дайындау.

**Шешім:** Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнының оқыту стратегиясы анықталды.

**4.Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау. АК төрағасы** С.Алимбекова: - Құрметті АК мүшелері желтоқсан айында жоспарланғандай жұмыстар жүргізілді. Дегенмен, ББ дайындау мәселесі жалғасын табуда. Бұл жұмыстарды одан әрі жалғастыратын боламыз. ББ дайындауда жұмыс берушілермен байланыс жасай отырып, кейбір пәндерге қатысты өзгерістер енгізілді. Дегенмен толықтыру жұмыстары жалғасуда.

**Шешім:** Желтоқсан айында бакалавр деңгейіндегі БББ әзірлеу жұмыстарында, біріншіден «ББ мазмұнын жобалау» тақырыбында семинар ұйымдастырылды, екіншіден, «Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау» мәселесі бойынша «Педагогика және психология» ББ бағдарламасының мақсат, міндеттері, функциялары және МК және ТК пәндер анықталып, бағдарлама мазмұнынын жобасы (модуль) анықталды.

Желтоқсан айында жоспарланған шарала қанағаттанарлық деңгейді жүзеге асырылды.

**АК төрағасы:** **С.Алимбекова**

**Хатшысы:** **С.Паштанов**